



**ХҚКК**

**«Роботтар және ХГҚ» эссе  
конкурсы**

**Жұмыстарды тапсырудың  
соңғы мерзімі: 2021  
жылғы 30 маусым**

Халықаралық Қызыл Крест Комитеті (ХҚКК) барлық мүдделі халықаралық гуманитарлық құқық (ХГҚ) саласын зерттеушілердің назарына «Роботтар және ХГҚ» тақырыбында эссе конкурсын өткізетіні туралы хабарлайды.

Жыл өткен сайын қару-жарақ барынша жетіліп, соғыс әдістері күрделене түсуде. Бірнеше ондаған жылдар бойы мемлекеттер мен сарапшылар әскери техниканың қарқынды дамуы мен қарулы қақтығыстар кезінде технологияларды пайдалану қандай сын-тегеуріндерге әкелетіні және Женева Конвенциялары мен оларға қосымша хаттамалардың осы сын-тегеуріндерге қалай жауап бере алатыны туралы пікірталастар жүргізіп келеді. Осы мәселенің өзектілігін және ХГҚ нормаларын нығайту бойынша одан әрі күш-жігер жұмсау қажеттілігін мойындай отырып, ХҚКК академиялық және сараптамалық қоғамдастықты «Роботтар және ХГҚ» эссе конкурсына қатысуға шақырады.

Конкурсқа қатысу үшін эссені ұйымдастыру комитетіне 2021 жылғы 30 маусымға дейін (қоса алғанда) жіберу қажет. Конкурсқа қатысу шарты жеке түрде, бірлесіп істеген ұжымдық жұмыстар қабылданбайды.

2021 жылғы 1 қыркүйекте жарияланатын байқау нәтижелері бойынша әртүрлі тілдердегі секциялар мен номинациялар бойынша бірнеше жеңімпаздарды марапаттау жоспарлануда.

Үздік жұмыстарды анықтау кезінде, ең алдымен, идеяның бірегейлігі, халықаралық гуманитарлық құқық білімі және дәлелдей білу қабілеті ескерілетін болады.

### Конкурс регламенті

#### 1-Бөлім – Ұйымдастыру

1 – бап – «Роботтар және ХГҚ» эссе конкурсының (бұдан әрі – конкурс) ұйымдастырушысы Халықаралық Қызыл Крест Комитеті (ХҚКК) (бұдан әрі – ұйымдастырушы) болып табылады.

Ұйымдастырушы конкурсты өткізу және конкурстық жұмыстарды бағалау үшін сыртқы сарапшыларды өз қалауы бойынша тарта алады.

2 – бап – Конкурс аясында әзірбайжан, армян, қазақ, қырғыз, орыс, өзбек және украин, түрікмен және тәжік тілдеріндегі секциялар анықталады. Секция үйлестірушілері:

- Әзірбайжан тіліндегі секция – Әзірбайжандағы ХҚКК делегациясы;
- Армян тіліндегі секция – Армениядағы ХҚКК делегациясы;
- Қазақ тіліндегі секция – Қазақстан Республикасындағы ХҚКК өкілдігі;
- Қырғыз тіліндегі секция – Қырғыз Республикасындағы ХҚКК өкілдігі;
- Орыс тіліндегі секция – Ресей Федерациясы, Беларусь және Молдовадағы ХҚКК аймақтық делегациясы;
- Өзбек, тәжік және түрікмен тілдеріндегі секция – Орталық Азиядағы ХҚКК аймақтық делегациясы;
- Украин тіліндегі секция – Украинадағы ХҚКК делегациясы.

3 – бап – Осы регламенттен ауытқу немесе оны өзгерту мен түсіндіру мәселелерін қоса алғанда, конкурсқа байланысты барлық мәселелерді конкурстың ұйымдастырушысы бекітеді.

4 – бап – Ұйымдастырушының шешімдері түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

#### 2-Бөлім – Конкурсқа қатысушылар

5 – бап – Жасына, кәсіби мәртебесіне немесе тұратын еліне қарамастан, осы регламентке сәйкес эссе мен толтырылған өтінімді (1-қосымша) ұсынған кез келген адам конкурсқа қатысушы бола алады. Бір тұлға конкурсқа қатысушының өзі таңдаған тіліндегі секциясы аясында бір ғана эссені ұсына алады. Бір тұлға эссе мен өтінімді әртүрлі тілдік секцияларға жіберген жағдайда, бірінші жіберілген эссе ғана бағаланады.

6-бап – Конкурсқа қатысу шарты жеке түрде, бірлесіп істеген ұжымдық жұмыстар қабылданбайды.

7-бап – Әр адам эссені өз бетінше жазуы қажет. Конкурсқа бұрын жарияланған жұмыстар қабылданбайды.

#### 3-Бөлім – Эссе талаптары

8-бап – Конкурсқа қатысу үшін «Роботтар және ХГҚ» тақырыбына эссе жазу керек.

9-бап – Эссе келесі талаптарға сай болуы керек:

---

## «Роботтар және ХГҚ» эссе конкурсы

---

- Сілтемелерсіз сөздердің максималды саны-1000 (Microsoft Office көмегімен тексеріледі);
- Эссе Microsoft Word форматындағы бір файлмен ұсынылуы керек;
- Гарнитура: Times New Roman, кегль 12 пункт;
- Жоларалық интервал: бір жарым;
- Сілтемелер гарнитурасы: Times New Roman, кегль 10 пункт;
- Бет жиектерінің ені: периметрі бойынша 2 см;
- Жұмыс бірегей болуы керек, плагиат немесе автордың нұсқауынсыз басқа адамның жұмысын қолдануға тиым салынады.

10-бап – Эссе әзірбайжан, армян, қазақ, қырғыз, орыс, өзбек, украин, тәжік немесе түрікмен тілдерінде жазылуы керек.

11-бап – Жіберілген эсеге өзгерістер қабылданбайды.

### 4-Бөлім – Жұмыстардың бағыты

12-бап – Эссе мен өтінім хат Microsoft Word форматындағы екі файлмен бір электрондық хат арқылы тіл секциясын және қатысушының аты-жөнін хат тақырыбында көрсете отырып (мысалы: «орыс тілі, Иванов Иван») [icrc.competition@gmail.com](mailto:icrc.competition@gmail.com) электронды мекенжайға жіберілуі тиіс.

13-бап – Файл атауына қойылатын талаптар:

- 1) Эссе файлында қатысушының аты-жөні және үтір арқылы «эссе» сөзі болуы керек (мысалы: «Иванов Иван, эссе»)
- 2) Өтінімі бар файлда қатысушының аты-жөні және үтір арқылы «өтінім» сөзі болуы тиіс (мысалы: «Иванов Иван, өтінім»)

14-бап – Жұмыстарды қабылдаудың соңғы мерзімі – 2021 жылғы 30 маусым (20:00, UTC).

### 5-Бөлім – Конкурс өткізу

15-бап – Эссе келесі өлшемшарт негізінде бағаланады:

- Идеяның бірегейлігі мен негізділігі;
- Эссе мазмұнының конкурс тақырыбына сәйкестігі;
- Халықаралық гуманитарлық құқықты білу;
- Бастапқы көздермен жұмыс істей білу және ғылыми дәйексөз алу ережелерін сақтау;
- Өз ұстанымын дәлелдей білу;
- Безендірудің сапасы, дәлдігі және ұсыну стилі;

16-бап – Осы регламентті бұзған қатысушылар ұйымдастырушының шешімі бойынша конкурсқа қатысудан шеттетілуі мүмкін.

### 6-Бөлім – Жеңімпаздарды іріктеу және жүлделерді тапсыру

17-бап – 2021 жылғы 1 қыркүйекте ұйымдастырушы конкурс нәтижелерін жариялайды және барлық қатысушыларға ақпаратты электрондық пошта арқылы жібереді. Конкурс туралы барлық ақпарат ХҚКК сайтында орналастырылатын болады.

18-бап – Ұсынылған эсселердің саны мен сапасына байланысты конкурс секцияларының үйлестірушілері өз таңдауы бойынша конкурс номинацияларын анықтау құқығын өзіне қалдырады. Номинациялардың үлгілік тізбесі регламенттің келесі бабында көрсетілген.

19-бап – Конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері әртүрлі тіл секцияларында бірнеше номинацияда таңдалуы мүмкін:

- Оқушылар арасындағы үздік жұмыс;
- Студенттер арасындағы үздік жұмыс;
- Жас зерттеушілер арасында үздік жұмыс;
- Оқытушылар және (немесе) тәжірибеленуші мамандар арасындағы үздік жұмыс.

20-бап – Конкурс секциялары үйлестірушілерінің шешімі бойынша әртүрлі номинациялардағы конкурс жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне мынадай сыйлықтар табыс етілуі мүмкін:

- ХҚКК өңірлік іс-шараларының біріне қатысуға шақыру және барлық ілеспешығындарды төлеу;
- Халықаралық гуманитарлық құқық бойынша әдебиет;
- Ғылыми басылымда жариялауға жәрдемдесу;
- Конкурс секциялары үйлестірушілерінің қалауы бойынша халықаралық гуманитарлық құқық бойынша жазғы мектептердің біріне қатысу шығындарын төлеу;
- Конкурс секциялары үйлестірушілерінің қалауы бойынша басқа жүлделер.

21-бап – Аса сапалы жұмыс болған жағдайда конкурсты ұйымдастырушының шешімімен жеңімпаз(дар)ға эссені Халықаралық Қызыл Крест журналында жариялауға жәрдемдесу супержүлдесі табыс етілуі мүмкін – қажет болған жағдайда ағылшын тіліне аудармасымен.

### **7-Бөлім – Басқа ережелер**

21-бап – Эссе немесе өтінім жібере отырып, қатысушы қолданыстағы ұлттық заңнамаға сәйкес қатысушының өтінімінде көрсетілген дербес деректерді өңдеуге өз келісімін береді, сондай-ақ эссені қоса алғанда, ұсынылған материалдарды ХҚКК веб-сайтында жариялауға рұқсат береді. Дербес деректерді қорғау мақсатында қатысушы деректердің конкурсты ұйымдастыру, оның ішінде қатысушымен кейіннен байланысу үшін қатысушыны сәйкестендіру және оның регламентке сәйкестігін анықтау мақсатында жиналатыны туралы хабардар етіледі. Дербес деректер конкурсты ұйымдастырушының дерекқорынан дербес деректер иесінің жазбаша сұрау салуы бойынша жойылуы мүмкін.

---

## «Роботтар және ХГҚ» эссе конкурсы

---

### Байқаудың мерзімі

**2021 жылғы 30 маусым** – конкурстық жұмыстарды жіберудің соңғы күні.

**2021 жылғы 1 қыркүйек** – конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері туралы ақпаратты ХҚКК сайтында жариялау: <https://www.icrc.org/ru/what-we-do/building-respect-ihl/education-outreach>.

### Конкурсқа қатысуға өтінімді қалай беруге болады

Құжаттар жиынтығы 2021 жылғы 30 маусымнан кешіктірмей [icrc.competition@gmail.com](mailto:icrc.competition@gmail.com) электрондық поштасы арқылы алынуы тиіс.

**Хат тақырыбында тіл секциясын, қатысушының аты-жөнін көрсету қажет (мысалы: «орыс тілі, Иванов Иван»).**

Құжаттар жиынтығы мыналарды қамтуы керек:

- 1 өтінім (1 қосымша)
- Осы регламентке сәйкес ресімделген эссесі бар 1 файл.

Әр жіберілген файлдың атауында қатысушының аты-жөні, сондай-ақ үтір арқылы «эссе»/ «өтінім» сөзі болуы керек (мысалы: «Иванов Иван, эссе», «Иванов Иван, өтінім»). Барлық өтінімдер баспа түрінде толтырылуы тиіс.

---

## «Роботтар және ХГҚ» эссе конкурсы

---

### Конкурс регламентіне №1 қосымша

#### Өтінім

|                                                                                                                                  |  |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| Аты-жөні                                                                                                                         |  |
| Туған күні                                                                                                                       |  |
| Тұратын елі мен қаласы                                                                                                           |  |
| Қатысушы мәртебесі<br>(оқушы, студент, аспирант, оқытушы<br>және т. б.)                                                          |  |
| Оқыту курсы және бағыты (егер<br>қолданылса)                                                                                     |  |
| Оқу орны, факультет (институт) / ұйым<br>(егер қолданылса)                                                                       |  |
| Электрондық пошта                                                                                                                |  |
| Байланыс телефоны                                                                                                                |  |
| Конкурс туралы қалай білдіңіз?                                                                                                   |  |
| Сіз регламенттің 22-бабына сәйкес<br>дербес деректеріңізді өңдеуге, сақтауға<br>және пайдалануға өз келісіміңізді<br>бересіз бе? |  |

Осы өтінімді жібере отырып, сіз конкурс регламентімен мұқият танысқаныңызды растайсыз және регламентке сәйкес оған қатысуға келісіміңізді білдіресіз.